

АЙҚЫН

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТУЫНДЫ



Қайта өркендеу дәуірі әдебиеті өкілдерінің бірі, өз заманында классик, көне мәдениетті жаңғыртушы, сөз өнерін мадақтаушы ретінде танылған, италияндық ақын, ойшыл, ғалым, қоғам қайраткері Франческо Петрарканың «Жақсы кітаптарды жинай білген жақсы, ал оларды оқып отыру – одан да жақсы» деп айтқанындай, сыйласып жүрген жаны жайсаң азаматтардың маған сыйлаған

кітаптарын міндетті түрде оқып, сыншы болмасам да, мүмкіндігінше өзімнің жеке пікірімді білдіріп отыру – мен үшін қалыптасқан дәстүрге айналды.

Міне, сондай кітаптың бірі жөнінде ой бөлісем бе деп отырмын. Әңгіме Азат Әкімнің «Кім екен сол кәрия?» деген кітабы төңірегінде болмақшы. Ең алдымен, кітап авторы туралы бірер сөз. Осыдан бес жылдай бұрын қызмет бабымен Арменияға жолым түсіп, осы елдегі Қазақстанның сол кездегі елшісі Айымдос Бозжігітовпен кездескен едім. Кездесу барысында біраз жігіттермен танысқанымда, олардың қатарында Азат Әкім де бар болатын. Кейін Астанада Азатпен жиірек араласудың да сәті түсіп, өзара пікір алмасып жүрдік. Сонда ғой, сырт қарағанда сырлы сөзден, сөз өнерінен алыстау көрінетін Азаттың маған осы кітабын арнайы тарту еткенінде таңырқап қалғаным. Бірақ кітапты оқи келе, Азекеннің көрген – түйгені мол, әрбір сөйлемін мінсіз мүсіндейтін, мағыналы ойын деп түсіретін, көркемсөз бен көсемсөзді жетік меңгерген, ойы тұнық жан екендігіне толық көзім жетті.

«Мазыбұзаубай» хикаяты мен көркем әңгімелерден түзілген кітаптың өн бойы адамдардың ішкі жан дүниесіндегі болатын құбылыстарды, көңілдегі сырларды, толғаныстарды терең зерделей отыра, оқырманды адамгершілікке, кішіпейілділікке, сезімталдыққа, достыққа, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелейді. Сөздері жібектей жеңіл, ойы қорғасындай ауыр, сыны мен сырын, қуанышы мен мұңын қатар өргізіп отыратын Азаттың шығармаларын оқи отырып, өмірдің өзіндей күрделі – кең дүниенің құшағына еніп кеткендей боласың. Сондай-ақ кітапта кейбір оқиға реинкарнацияның, яғни, өлген адам рухының басқа бір денемен жер бетіндегі өмірге қайта келуі деген сенімнің негізінде өрбиді. Мәселен, автордың «Мазыбұзаубай» хикаятында бұл тәсілдің сәтті қолданылғанын атап өткен жөн.

Хикаяттың кіріспесінде Мазыбұзаубай (Мазы) өмірде болғансал-сері адам делінген. Он тоғызыншы ғасырда Мұғалжар тауымен ұштасып жатқан Шалқар өңірінде дүниеге келген. Көнекөз қариялар Мазының «Қыз» сөзімен тілі шыққанын құпия шежіре сияқты айтады. Содан да болар, Мазы: «Жарық дүниенің қызығы әйелдің жалт етіп бір қарағаны, ықыласы» – деп ғұмыр кешіпті. Өз кезегінде, жас Мазының келе жатқан хабары тиісімен бетіне қан жүгіретін, ақжолтай тілегін қосатын қыз-келіншектер жолын тосып отыруға қайлы болған. Мазының атақ-даңқы қыз-келіншектердің мейірім – шапағатына бөленгендігімен ғана емес, бойына қонған ерекше емшілік қасиетімен де елге жайылған әрі бақдәулетке кенелген. Жасы сексеннің үстіне шыққан сәтінде Мазы жарық дүниені тастап кете барғанда, көптің бірі сияқты көз жұмбаған көрінеді. Бұл жайт кітапта былайша баяндалады: Мені шақырып жатыр, – деді Айтолқын бәйбішесіне оңаша әңгіме үстінде. Кім шақырып жатыр? Қайда шақырып жатыр? Бір ауыз артық сөз айтқан жоқ. Ертеңіне ауыл – елмен тағы қоштасқан Мазы сәске түсте тау-тас пен тоғайды бетке алған сапарынан қайтып оралмады, жақын-жұрағат табанынан таусылып екі апта – он төрт күн іздегенімен бір белгісі табылмады жарықтықтың.

Мазы соңғы сапарында із-түзсіз кеткен уақыт жарық дүние жасарып жайнаған көктем болатын, арада жүз жыл өткеннен кейін Сыр бойының Қазалы қалашығында Мазыбұзаубай есімді жас нәресте жарық дүниеге келді, дәулеті асып-тасқан отбасында емес, біреуден ілгері, біреуден кейін күнін кешкен шаңырақта шаранасы кеппестен жылап жатты...». Бір ғажабы, сәбидің өмір жолы айна-қатесіз алдыңғы бабасының басынан

өткергендерімен дәлме-дәл қайталаңады. Ара-тұра бала Мазының түсіне кіретін ажарлы, сөзі ілтипатты қарияның мойнындағы қара меңінің, мойылдай қара көздерінің ұқсастығымен ғана емес, ер жетіп, ес білген сәттен қыз-келіншектермен аралас-құраластығы, емшілікпен айналысуы, шау тартқан, жасы ұлғайған шағында бала-шаға-сымен қоштасып, сәске түсте Ізгілік еліне жолы түскендей із-түзсіз кетуіне дейін бізді өмірден баз кешіп кеткен Мазымен қайта қауыштырғандай күйге ұшыратады және мұның мәнісін тануға ұмтылдырады, сөйтіп сыры тереңдей беретін шегі жоқ дүние екендігін сезіндіреді. Расында, кей кездері кей сәттерді мен бұрын басымнан кешкендей сезініп, жан-дүниемнің толқып сала беретіні бар...

Кітаптағы әрбір әңгіме өзінше бір әлем, бірақ бір-бірінен бөліп ажырата алмайсың, тұтасымен тұнып тұрған тұшымды дүние. Талғамы жоғары, өресі биік автор оқырманды өзімен бірге жетелей отырып, түрлі тақырыпты қозғап, парасат-пайымға бастайды. Осы ретте Азатбек адамына көңіл бөледі және бұл бекер емес. Өйткені бар бақыттың бастауы – еңбек екені айқын. Иә, егер әрбір адам игі іске ұмтылса, шапағатқа бөленетіні даусыз. Ал байлыққа кенелу және сол арқылы еліміздің болашағын баянды ету еңбекпен келетінін адал бейнетпен тапқан нанның құны мен дәмін балалық шақтан өн бойына сіңіріп өскен, қызу еңбектің қайнаған қазанында құрыштай шыныққан Азатқа жақсы таныс. Сол себепті де оның кейіпкерлері біреудің шатырының астында «жел тимесін, күн өтпесін» деп мәпелеу күтпей, күш-қайратын жаңа күннің тың талаптарына сәйкес еселі еңбек етуді, жаңаша жұмыс істеудің қыр-сырын меңгерген жандар. Өз кезегінде менің ойыма мына бір әпсана әңгіме оралып отыр.

Құмырсқа жылына бір ғана бүртік бидай жейді екен. Мұны естіген Сүлеймен пайғамбар бір жылға құмырсқаға бір бидай беріп, кішкентай құтыға қамап қояды. Бір жылдан кейін қараса, құмырсқа жартысын ғана жеген екен. Құмырсқадан сұрайды:

– Қане жылына бір дән бидай жейтінің?

– Уа, Сүлеймен! Ол ырысты Құдайдың өзі беріп тұрған заман ғой. Ал енді маңдайыма жазылған ырысым сен арқылы келеді. Жаратушым еш уақытта ұмытпайды, ал сенің ұмытып кетуің мүмкін. Сақ болып отырған халім – осы, – деп жауап берген екен. Бұл енді: «Аллаға сенген құстай ұшады, біреуге сенген мұрттай ұшады. Аллаға сен. Адал еңбегіңе сен» деген қазақи тағылымды еске салады. Иә, сонау тоқсаныншы жылдардың басында өтпелі кезең өзіне тән қиындықпен қатар, «Өкімет өлтірмейді» деп жайбарақат жатқан талайды ұйқысынан оятып, ойда-жоқта келген нарық жолынан өз соқпағын табуына мүмкіндік ашты, сөйтіп көпшілікті құмырсқа тіршілікке кірістіруге итермеледі десек, ешбір қателесе қоймаспыз. Азаттың әңгімелері де осыған саяды. Бұл кітапта, сонымен бірге ата тәрбиесімен бойға сінетін имандылықтың, адами ізгі қасиеттердің құнарлы қазынасы бар. Бүгінгідей саяси өлермендік, материалдық ашқарақтық пен пайдакүнемдік бел ала бастаған тұста адалдық, ізгілік, адамгершілік, имандылық тәрізді рухани құндылықтардың қажеттілігі айқындала түсері анық. Олай болса, Азат Әкімнің бұл кітабын рухани саланы бекемдей түсуге айтарлықтай үлесі бар еңбек деп бағаласақ артық болмас еді.

Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ
Саясаттанушы